

2012 жылғы 4 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 370-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 қыркүйекте № 7938 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 488-ө-м Бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012.12.21 № 488-ө-м (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының күнкөрісі төмен азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету өлшемдерін белгілеу
м а қ с а т ы н д а

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2012 жылғы 4 тоқсанға арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2012 жылдың 3 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2012 жылғы 28 маусымдағы № 269-Ө-М бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 7786 тіркелген және 2012 жылғы 18 тамыздағы «Казахстанская правда» № 276-278, « Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 18 тамыздағы № 527-532 газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек департаменті (Н.А. Крюкова) осы бұйрықтың:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2012 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Г. Әбдіқалықова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ